

Аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 19 желтоқсандағы № 84 "Жер салығының базалық мөлшерлемесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2018 жылғы 15 наурыздағы № 203 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Темір аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 6 сәуірде № 3-10-183 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 505 бабының 2 тармағына, 510 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50 бабына сәйкес Темір аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 19 желтоқсандағы № 84 "Жер салығының базалық мөлшерлемесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3–10–92 тіркелген, 2009 жылғы 29 қаңтарда "Темір" газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қазақ тіліндегі шешімде:

"Жер салығының базалық мөлшерлемесін бекіту туралы" атауы "Темір ауданы бойынша салықтар мөлшерлемелері туралы" атауымен ауыстырылсын;

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 505 бабының 2 тармағына, 510 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес Темір аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:"**;

2 тармақта:

"Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 379, 381 және 383" сөздері "Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 504, 505 және 506" сөздерімен ауыстырылсын;

көрсетілген шешімнің қосымшасының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Үй іргесіндегі жер учаскелеріне салынатын салық мөлшері".

2. "Темір аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Темір аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Темір аудандық мәслихатының интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін;

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Темір аудандық мәслихатының сессия төрағасы
Темір аудандық мәслихатының хатшысы

А. АБДЫГАЛИБ. ІЗБАСОВ